


Л 2006
469 к

Әзілхан Нұршайықов
БОЗДАҚТАР

60 лет Победы
Ұлы Отан
соғысы
Патристической
Жеңісіне
воине
60 жыл




60
ЖИЛ
ОТАН





Әзілхан Нұршайықов
БОЗДАҚТАР

 60 лет Победы
Ұлы Отан
в Великой
согзысы
Отечественной
Жеңісіне
воине
60 жыл



“Санат” баспасы
Алматы 2005 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

Нұршайықов Ә.

Н 83 **Боздақтар** - Алматы: «Санат», 2005. - 272 бет, 24 бет
илл.

ISBN 9965-664-21-8

Жазушы Өзілхан Нұршайықовтың «Боздақтар» әскери шығармалар жинағында Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстанда жасақталған 100 - атқыштар бригадасының өмір тіршілігі, Отан қорғауға қалай дайындылғанан бастап, отты жылдар кезіндегі жекелеген адамдар ерлігі сөз етіледі. Естелік тарихи құжаттармен тұжырымдалған.

Кітаптың құжаттары бұдан он жыл бұрын, яғни Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығында дайындалған. Олар автордың “Тоғыз толғау” (1976), “Батырдың өмірі” (1967) жинақтарына енген.

Бұл шығармалар «Қазығұрт» баспасынан 2005 жылы автордың он томдығында да жарияланды.

А 0503020600-03 1-05
415(05)-05

ББК 63.3(2)622

ISBN 9965-664-21-8

© Нұршайықов Ә, -1967, 1976, 2005

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005

Бірінші бөлім
БОЗДАҚТАР

Ұлы-Отан соғысында опат болған ерлер туралы естелік-этиюдтер

**ҰЛТТЫҚ БРИГАДА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК
(Кіріспе орнына)**

АВТОР. Біз, 1922 жылы туған қазақ жастары 100-ұлттық атқыштар бригадасында болдық.

Атқыштар бригадасы дегеніміз — шағын әскери құрама.

ҚҰЖАТ. «Атқыштар бригадасы 1941 жылдың күзінде атқыштар дивизияларын жасақтау қиыншылықтарына байланысты (уақыт тығыздығы, адам және қару-жарақ кемістігі) құрыла басталды. 1941 жылдың аяғына дейін 159 атқыштар бригадалары жасақталды. Бригадада 3-4 атқыштар батальоны, артиллерия және миномет дивизиондары, автоматшылар ротасы, арнаулы әскери және тыл бөлімдері, барлығы 4 мыңнан 6 мыңға дейін адам болады». («1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы»; Энциклопедия. (1985 ж.)

Бірінші тарау

ҚҰЖАТТАР

100-атқыштар бригадасы командирінің алғашқы бұйрықтары

Бұйрық №1

Алматы қаласы. 6. XII. 1941 ж

1941 жылдың 3 желтоқсанынан бастап 100-дербес атқыштар бригадасы командирінің қызметін атқаруға кірістім.

Подполковник В. Шевцов

**100-дербес атқыштар бригадасы командирінің № 2-21
бұйрықтарынан**

Алматы қаласы. 7-27. XII. 1941 ж.

Мына төмендегі командирлер мен саяси жетекшілер тағайындалған қызметіне кірісті деп есептелсін:

Политрук **Бәйішев Сақтаған** — 100-дербес атқыштар бригадасының әскери комиссары қызметіне, 1941 жылдың 8 желтоқсанынан бастап.

Аға политрук **Айнағұлов Біләл** — осы бригаданың саясат бөлімінің бастығы қызметіне, 1941 жылдың 1 желтоқсанынан.

Капитан **Адырбаев Әбдібай** — 1-атқыштар батальонының командирлігіне, осы жылдың 4 желтоқсанынан.

Аға лейтенант **Тәжібаев Шәкір** — 1-атқыштар ротасының командирлігіне, 1 желтоқсаннан.

Капитан **Әлімбетов Дәреш** — 2-атқыштар батальонының командирлігіне, осы жылдың 2 желтоқсанынан.

Политрук **Сыздықов Жүніс** — 2-атқыштар батальонының 4-ротасына саяси жетекшілікке, 5 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант **Назаров Ісләм** — 5-рота командирінің орынбасарлығына, 5 желтоқсаннан.

Капитан **Дуплякин Василий Никонорович** — 3-атқыштар батальонының командирлігіне, 6 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант **Салыков Ғабдыр** — штаб бастығының көмекшілігіне, 6 желтоқсаннан.

Политрук **Әбдірахманов Зада** — 7-ротаның саяси жетекшілігіне, 8 желтоқсаннан .

Аға лейтенант **Болоткин Николай Васильевич**, — 76 мм. артиллерия дивизионының штаб бастығына, 6 желтоқсаннан.

Әскери атағы жоқ **Бегімбетов Жүніс**—76 мм. артиллерия дивизионы интенданттық жабдықтау бастығына, 10 желтоқсаннан.

Лейтенант **Клубков Василий Васильевич** — 76 мм. артиллерия дивизионы 1-батареясының командирлігіне, 2 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант **Жамалбеков Жамалхан** — 76 мм. артиллерия дивизионының зеңбірекшілер взводының командирлігіне, 5 желтоқсаннан.

Лейтенант **Төлеуов Темірғали** — 76 мм. артиллерия дивизионы 2-батареясының командирлігіне, 3 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант **Тоғушаков Макар Александрович** — 76 мм. артиллерия дивизионының зеңбірекшілер командирлігіне, 5 желтоқсаннан.

Әскери мал дәрігері **Бәкіров Хасен** — 76 мм. артдивизионының мал дәрігерлігіне, 10 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант **Біләлов Арыстанбек** — взвод командирлігіне, 7 желтоқсаннан.

3-рангтегі әскери дәрігер **Нигматуллин Рақымжан Мұхаметжанұлы** — шаруашылық бөлімінің бастығы әрі дәрігерлікке, 9 желтоқсаннан.

Политрук **Әтеев Шазада Нариманұлы** — 76 мм. артдивизион парторгінің жауапты хатшылығына, 10 желтоқсаннан.

Әскери атағы жоқ **Шідеров Манал Измайылұлы** — 120 мм. миномет дивизионы 2-батареясының әскери комиссарлығына, 13 желтоқсаннан.

Қаратаев Хайролла — 76 мм. артдивизион командирінің көмекшілігіне, 13 желтоқсаннан.

Нұрғазин Нағымжан — 57 мм. артиллерия дивизионы 1-батареясының әскеркомына, 10 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Исатаев Ыдырыс Тоғжанұлы — 76 мм. артдивизионының әскеркомына, 18 желтоқсаннан.

Политрук Жәкішев Абзал — саясат бөлімі парткомиссиясының секретарлығына, 14 желтоқсаннан.

Закарин Асқар Закарияұлы — әскери жүк-зат бөлімшесінің бастығына, 7 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Жанғожин Қаппай — 1-атқыштар батальоны штабы бастығының көмекшілігіне, 19 желтоқсаннан.

Лейтенант Сырлыбаев Омар — 2-батальон штабы бастығының көмекшілігіне, 19 желтоқсаннан.

Қасымова Халиша Аймұхамедқызы — хирургия бөлімшесінің кіші дәрігерлігіне, 13 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Сүлейменов Қақабай — штаб бастығының көмекшілігіне, 21 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Құсайыпов Мәті — 76 мм. артдивизион басқару взводының командирлігіне, 21 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Әжіметов Сұлтан — 1-атқыштар батальонының взвод командирлігіне, 23 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Қасымов Қани — 120 мм. миномет дивизионының әскеркомына, 20 желтоқсаннан.

Ыспанов Қабі — 76 мм. артдивизион 3-батареясының әскеркомына, 20 желтоқсаннан.

Лейтенант Исин Мәулен — саперлар ротасының командирлігіне, 23 желтоқсаннан.

3-батальонға қарасты 9-ротаның жауынгері **Байтанаев Амантай** — бригада штабының 4-бөліміне хатшы қызметіне көшірілсін, 23 желтоқсаннан.

Әскери фельдшер **Сағитова Фарида Салахитденқызы** — 3-батальонның әскери фельдшерлігіне, 25 желтоқсаннан.

Аға лейтенант **Молдашев Тұқан** — байланыс батальонының командирлігіне, уақытша, 25 желтоқсаннан.

Кіші лейтенант Көшекөв Хажым — 76 мм. артдивизионының 1-батареясы командирінің орынбасарлығына.

3-рангтегі әскери дәрігер **Қасымова Айна Ергалиқызы** — медсанротаның жаралыларды сұрыптау-жаратану бөлімшесінің бастықтығына, 27 желтоқсаннан.

3-рангтегі әскери дәрігер **Барлыбаев Хабиб Ақтайұлы** — медсанротаның взвод командирлігіне, 27 желтоқсаннан.

Бектұров Жақсымбек — саперлар ротасының әскеркомдігіне, 27 желтоқсаннан.

Кіші политрук Тасанбаев Егемкүл — саясат бөлімі бастығының комсомол жөніндегі орынбасарлығына, 27 желтоқсаннан.

Аға политрук **Досанов Әбдірахман** — 22 желтоқсаннан бастап саясат бөлімінің бастығы болып тағайындалсын. Ал осы күннен

бастап аға политрук **Айнағұлов Біләл** 57 мм. артдивизионының әскеркомы болып бекітілсін.

Батальон комиссары **Ерімбетов Дүйсен** — саясат бөлімнің аға нұсқаушылығына, 27 желтоқсаннан.

Кіші политрук **Естемесов Жәнібек** — ПТР ротасының саяси жетекшілігіне, 27 желтоқсаннан.

*100-дербес атқыштар
бригадасының командирі
подполковник В.Шевцов*

*Комиссар, политрук
С.Бәйішев.*

Бұйрық №22

100 — дербес атқыштар бригадасы

Алматы қаласы 30.XII. 1941

2

Арнаулы курс бітірген мына адамдарға замполитрук атағы беріліп, саяси жетекшілердің орынбасарлығына тағайындалсын:

1. **Бұрышев Қарабек** — 1-атқыштар батальонының 1-ротасына.

11. **Ходжиков Сұлтанахмет** — 3-батальонның пулемет ротасына.

12. **Ахметжанов Ахметхан** — байланыс батальонының штаб жанындағы ротасына.

19. **Әбуов Тұраш** — 76 мм. артдивизионының 1-батареясына.

20. **Ямлиханов Хабир** — сол дивизионның 2-батареясына.

21. **Ерназаров Мырзаби** — сол дивизионның 3-батареясына.

28. **Ахтанов Тахауи** — дербес саперлар ротасына.

37. **Райбаев Омар** — барлаушылар ротасының 1-взвода.

Рота старшиналары болып мыналар тағайындалсын:

44. **Жиенбаев Сұлтан** — 2-батальонның 6-ротасына.

*Бригада командирі
подполковник В.Шевцов.*

*Комиссар, политрук
С. Бәйішев*

1942 жылдың алғашқы бұйрықтарынан

Лейтенант **Барманқұлов Олжабай Қашанұлы** —

1941 жылдың 30 желтоқсанынан 120 мм. миномет дивизионының командирі болып бекітілсін.

Лейтенант **Рахматуллин Асқар** — 1941 жылдың 30 желтоқсанынан 120 мм. миномет дивизионы командирінің орынбасары қызметіне тағайындалсын.

Лейтенант **Ералин Нұқаш** — 1941 жылдың 31 желтоқсанынан бастап 57 мм. артдивизионның 3-батареясына командирдің орынбасары болып бекітілсін.

Аға лейтенант **Қалимұдди Әкептай Күйікұлы** — 1942 жылдың 2 қаңтарынан бастап бригада инженерлік қызметінің бастығы болып тағайындалсын.

Политрук **Мұсабаев Ғайпиден** — 1942 жылдың 3 қаңтарынан бастап Қазақ әскери комиссариатының қарамағына жіберілсін. Соған байланысты 2-атқыштар батальонының барлық тізімінен шығарылсын.

Кіші политрук **Дінәсілов Сейсехан** — 1942 жылдың 1 қаңтарынан жаяу барлаушылар взводының саяси жетекшісі болып бекітілсін.

Аға лейтенант **Ұсманов Файзолла Аббасұлы** — 1942 жылдың 5 қаңтарынан ПТР (танк ататын мылтық) ротасының командирі болып тағайындалсын.

Лейтенант **Құнанбаев Сіләмжан Мұратбекұлы** — 1942 жылдың 5 қаңтарынан бастап дербес автоматшылар ротасының командирі болып бекітілсін.

Кіші лейтенант **Сейітқалиев Ысмағұл** — 5 қаңтардан бастап 76 мм. артдивизион басқару взводының командирі қызметіне жіберілсін.

Лейтенант **Біләлов Қали** — 3-батальонның взвод командирі, 8 қаңтарға бригада штабы бойынша кезекшілікке тағайындалсын.

Кіші лейтенант **Біләлов Әубәкір** — 7 қаңтардан бастап. 76 мм. артдивизион штабы бастығының байланыс жөніндегі көмекшісі болып бекітілсін.

Кіші әскери-техник **Бегалин Мәжит Сапарғалиұлы** — 8 қаңтардан бастап 2-атқыштар батальонына қару технигі болып тағайындалсын.

Лейтенант **Құттығұлов Кенжеғали Сапарұлы** -10 қаңтардан бастап РС дербес миномет батареясының командирі қызметіне бекітілсін.

3-рангалы әскери дәрігер **Сырлыбаева Мариям Нұрғалиқызы** — медсанрота хирургиялық бөлімшесінің кіші дәрігері қызметіне тағайындалсын.

Политрук **Әубәкіров Жұмаділ** — 4 шілдеден бастап 4-атқыштар батальонының әскери комиссары болып бекітілсін.

Политрук **Жұмақанов Жекен** — 4 шілдеден 4-батальонындағы 10-құрылыс ротасының саяси жетекшісі болып тағайындалсын.

*Бригада командирі
подполковник В. Шевцов.*

*Комиссар, политрук
С. Бәйішев*

Бұйрық №27

100 -дербес атқыштар бригадасы

Алматы қаласы
3 ақпан 1942 ж.

76 мм. артиллерия дивизионының жанындағы дайындық курсы аяқтаған мына төмендегі жауынгерлерге кіші командир атағы берілсін:

1. **Атқановқа** — артиллерияның кіші сержанты.
2. **Байсейітов Рымбекке** — артиллерияның кіші сержанты.
3. **Зеленкин Шәкенге** — артиллерияның кіші сержанты.
4. **Бимурзин Әбдірахманға** — артиллерияның кіші сержанты.
5. **Есімқұлов Нұрғазыға** — артиллерияның кіші сержанты.
6. **Байжанов Қабдылқайға** — артиллерияның кіші сержанты.
7. **Шыңғаев Дінмұхамедке** — артиллерияның кіші сержанты.
8. **Канапиянов Баймолдаға** — артиллерияның кіші сержанты.
9. **Дүйсекенов Нүсіпбекке** — артиллерияның кіші сержанты.
10. **Нұршайықов Әзілханға** — артиллерияның кіші сержанты.
11. **Дүйсенбеков Боташқа** — артиллерияның кіші сержанты.
12. **Кұсайынов Әділханға** — артиллерияның кіші сержанты.
13. **Смабеков Жұманға** — артиллерияның кіші сержанты.
14. **Кәкібаев Кұсайынға** — артиллерияның кіші сержанты.

Бригада командирі
подполковник В. Шевцов.

Комиссар, политрук
С.Бәйішев

АВТОР. Біздің 100-қазақ атқыштар бригадасы КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының «Ұлттық атты әскер дивизияларын және ұлттық атқыштар бригадаларын жасақтау жөніндегі» бұйрығының негізінде 1941 жылы желтоқсанның басында құрылған. Оның ұлттық құрамының 86 проценті қазақтар, 11 проценті орыстар, қалған үш проценті украиндар, беларустар, татарлар және басқа ұлт өкілдері болды.

Жоғарыдағы құжаттарда бригаданың аға командирлері мен тек 76 мм. артиллерия дивизионының кейбір кіші командирлері ғана келтірілді. Бригада өз құрамынан 8-гвардиялық дивизияны толықтыруға екі дүркін адамдар жіберді. Алғашқы толықтыруға 1700 адам 1941 жылы 24 желтоқсанда жөнелтілді. 76 мм. артиллерия дивизионының 2-батареясынан — менің батареямнан осы лекте 50 жауынгер кетті. Мен 8-гвардиялық дивизия қатарын толықтыруға бару үшін алдыңғылардың бірі

болып тілек білдірсем де, ол атакты дивизияның туы астында фашистермен шайқасуға тағдыр жазбады. Елден әскер қатарына келе салып, әлі қолдарына қару-жарақ ұстап көрмесе де кеуделерін кек кернеп, жүректерін намыс жаныған Шығыс Қазақстан, Семей, Талдықорған және Алматы облыстарынан жиналған 100-бригаданың карамағына келіп, бұрын майданға аттанған ол жалынды жастар мыналар еді:

- | | |
|----------------------|----------------------|
| 1. Сейсенбаев Б. | 26. Ақанов К. |
| 2. Тәжібаев А. | 27. Әбдірахимов Е. |
| 3. Омаров О. | 28. Токбергенов С. |
| 4. Садуақасов Б. | 29. Темірбеков А. |
| 5. Торғаев Ш. | 30. Ахмадинов Ш. |
| 6. Алқасов А. | 31. Мұхаметжанов З. |
| 7. Құрманғалиев Қ. | 32. Ысқақов А. |
| 8. Бейсенов. М. | 33. Қожанов Е. |
| 9. Көккөзов М. | 34. Кемербаев Н. |
| 10. Атабаев К. | 35. Төлепбергенов С. |
| 11. Қабиев С. | 36. Жүрсінбаев А. |
| 12. Жақыпбаев Ж. | 37. Сабыров Е. |
| 13. Молдахметов Х. | 38. Мырзабаев Д. |
| 14. Ахметов М. | 39. Қаражанов Т. |
| 15. Бозымбеков Д. | 40. Қожахметов Б. |
| 16. Жүсіпов М. | 41. Дәрібаев К. |
| 17. Ыбышев К. | 42. Жаңабаев К. |
| 18. Станқұлов К. | 43. Дүйсенбаев Т. |
| 19. Мұхамеджанов А. | 44. Досымбаев А. |
| 20. Селкеев М. | 45. Өмірзақов С. |
| 21. Қосатаев К. | 46. Хасенов Р. |
| 22. Жұмаділов Т. | 47. Тоқтаров Төлеген |
| 23. Ерденбаев С. | 48. Арғынғазин. |
| 24. Батгалов Жұмажан | 49. Талдыбаев Т. |
| 25. Оспанов С. | 50. Тәшенов К. |

Мен соғыстан кейін бұл ерлердің ешқайсысымен кездесе алғаным жоқ. Кімнің қай майданда опат болып, қайсысының елге аман қайтқанын біле алмадым. Ауылдан әскерге келе салысымен құлшынып, алғы шепке бірден аттанған сол құрдастарымды бүгін еске алып, фамилияларын жұртқа жариялауды жөн көрдім. Осыдан 54 жыл бұрын сол боздақтардың фамилиялары қағазға толықтүскенімен, аттарының алғашқы әріптері ғана көрсетіліпті. Жұмажан Батталов пен Төлеген Тоқтаров екеуінің есімдерін өзім анықтадым. Бірақ өзгелерінікің таба алмадым. Сондықтан олардың бәрін Подольск қаласындағы әскери архивте сақталған құжат бойынша беріп отырмын.

Бригададан 1700 адам алғы шепке аттандырылғаннан кейін енді елден жастарды жаңадан жинап, құраманы қайта толықтыру

қажет болды. Жаңадан келген жастарды әскер өнеріне үйрету ісі тағы бар. Оның бәріне белгілі мөлшерде уақыт қажет. Сөйтіп, енді майданға аттанамыз деп жүрген шағымызда жоғарыдан екінші бұйрық және келді. Сол бұйрық бойынша 1942 жылы 24 сәуірде генерал-майор Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның қатарын толықтыруға бригадамыздан тағы да 594 адам аттандырдық. Енді олардың орнына жергілікті аудандық әскери комиссариаттардан жаңадан адам жинап беруін және күттік. Оларды үйретіп болғаннан кейін, ақыры, 1942 жылдың 12 тамызында Алматы қаласының батыс жағындағы Тастақта жазғы лагерьден көтерілген 100-қазақ атқыштар бригадасының 4889 жауынгерлері мен командирлері лек-лек болып шұбалып, І Алматы темір жол вокзалына қарай бет қойды. Олар бірінің соңынан бірі жеті эшелонға тиеліп, садақтың оғындай шұбала зымырап, күнбатыс жаққа қарай жол тартты.

Бригадамыз тамыз айының аяғында Москва іргесіндегі Бабушкин қаласына жетіп орналасып, Москва әскери округінің карамағына кірді. Осы жерде атқыштар дивизиясына арналған бағдарлама бойынша бірнеше күн әскери жаттығудан өтуге тиіс болдық. Ол жаттығу бір айға түсіріліп, біз тездетіп майдан шебіне кіруге әзірлендік. Осы жерде қару-жарақ, киім-кешек алдық. 1942 жылы жаңа үлгіде шыққан 76 мм. танкпен жекпе-жек атысатын ұзын стволды зеңбіректің бірі маған тиді. Расчетымда өзімнен басқа мына адамдар бар еді: 1. **Құсайынов Әділхан** — зеңбірек көздеушісі, Шығыс Қазақстан облысының Таврия ауданынан. 2. **Бекбосынов Нұрғазы** — затвор ашушы, сол ауданнан. 3. **Баржақсынов Сұлтанғали** — зеңбірек бұрушы, Алматы қаласынан. 4. **Абжалов Әбілда** — оқтаушы, Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданынан. 5. **Құсайынов Айтқали** — снаряд тасушы, Семей облысы Белағаш ауданынан. 6. **Тасбаев Сатқали** — екінші снарядші, Сталинград облысының Астрахань қаласынан. 7. **Қуандықов Пірәлі** — снаряд жарылысын реттеуші, Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір ауданынан.

Содан көп кешікпей бригада жауынгерлері мен командирлері жаңа бір қуанышқа ие болды. Бригада газетінің 7 қазандағы санында Қорғаныс Халық Комиссарының 1942 жылғы 28 қыркүйектегі № 06127 санды бұйрығы жарияланды. КСРО Қорғаныс Халық Комиссарының кадрлар жөніндегі орынбасары генерал-майор А. Румянцев қол қойған ол бұйрық Москва әскери округының карамағындағы бірсыпыра құрамалардың басшы құрамымен қатардағы жауынгерлерін омырауға тағатын «Қызыл Армия үздігі» белгісімен наградтауға арналған. Біздің 100-бригададан бұл атаққа 262 жауынгер мен командирлер ие болған.

Түстен кейін біздің 76 мм. артиллерия дивизионына бригада командирінің орынбасары подполковник Охремчук келіп,

наградталғандарға «Қызыл Армия үздігі» белгілерін тапсырып, гимнастеркаларының омырауына өз қолымен қадап берді. Біздің дивизионнан бұл белгі төрт адамға тиіпті. Олар: зеңбірек командирлері Рымбек Байсейітов пен Әзілхан Нұршайықов (осы жолдардың авторы), политрук орынбасары Тұраш Әбуов және барлаушы-жауынгер Ғаббас Таңбаев.

Осыдан соң біздің бригадаға КСРО Жоғарғы Кеңесінің туы тапсырылды. Бүкіл бригада сапқа тізілген үлкен митинг болды. Онда Москва әскери округы әскери кеңесінің мүшесі, дивизиялық комиссар Телегин Одақтың Қызыл туын желбіретіп, ортада тұрған Қазақстан туының қасына әкеп қойды. Бригада командирі подполковник Шевцов пен комиссар Бәйішев екеуі бір тізерлеп отырып, тудың шетінен сүйді.

Осы кезде менің көз алдыма асқар Алатау тауынан құлап, буырқана ағып жатқан Үлкен Алматы өзені елестеді. 7 шілде күні сол өзеннің жағасында лагерьде тұрған біздің бригадаға Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары Ш. Ермағамбетова апамыз Қазақстан Республикасының жауынгерлік Қызыл туын тапсырған болатын. Сонда да командиріміз бен комиссарымыз дәл осындай бір тізерлеп отырып, тудың шетінен сүйген еді.

«Шіркін, асқақ Алатау, әсем Алматы, жауды жеңіп, сені тезірек көрсек-ау!» — деп ойладым ішімнен. Сол сәтте басқа жігіттер де дәл осылай ойлаған болар, бәлкім.

Осыдан кейін көп кешікпей біз барлық қару-жарағымызды асынып, пулеметтерімізді арқалап, зеңбіректеріміздің әрқайсысын алты атпен сүйреп, ежелгі Тверь жерінің ми батпағын белуардан кешіп, алғы шепке қарай бет қойдық. Фашистермен бетпе-бет шайқасу үшін генерал-лейтенант М. А. Пуркаев басқарған Калинин майданының қарамағына келіп кірдік.

Екінші тарау

АЛЫСТА ҚАЛҒАН АҒАЛАР

*Құжат. 3-екпінді армия штабының бастығына
100 – дербес атқыштар бригадасы туралы жауынгерлік
мінездеме*

13. XI. 1943 ж. Майдандағы армия.

...КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 1942 жылы тамыздағы бұйрығы бойынша бригада Алматыдан Бабушкин қаласына әкелініп, Москва әскери округының қарамағына берілді. Москва әскери округы қолбасшысының 1942 жылғы

19 қазандағы № 994270 бұйрығына сәйкес бригада Калинин майданы колбасшысының қол астына көшірілді. 1942 жылдың 3-қарашасынан 6-желтоқсанға дейін 39-армияның, 7-желтоқсаннан 20-желтоқсанға дейін 22-армияның қарамағында болып, ал 1942 жылдың 21 желтоқсанында 3-екпінді армиясының қарамағына ауысты.

39-армияның қарамағында бригада алғашында әртүрлі жеке-дара операцияларды жүзеге асырды. 1942 жылы 25 қарашада 373-атқыштар дивизиясы Тройня, Медвежевка, Большое Привалово шебінде шабуылға шыққаннан кейін, бригада Молодой Туд ауданында жау бекінісін бұзуға жіберілді. Бұл бағытта бригада 1942 жылдың 7 желтоқсанына дейін қимыл жасап, бірсыпыра елді мекендерді жау тырнағынан босатты. Бірақ, бұл ұрыстарда бригада зор шығынға ұшырап, 2572 адамынан айырылды.

Бригада командирі
полковник А. Морецкий

Штаб бастығы
подполковник И. Мостовой

АВТОР. 2572 адам! Осыншама орта, кіші командирлер және жауынгерлеріміз опат болды. Бұл бригада құрамының жартысынан артығы қаза тапты деген сөз. Осылардың ішінде жараланып, елге кетіп аман қалғаны бірен-саран ғана. Өлгендердің көбі атаусыз қалды. Солардың өзін білетіндерін Женістің 50 жылдығы қарсаңында аттарын атап, ел есіне түсіруді жөн көрдім.

Менің бұдан 53 жыл бұрын қара қарындашпен латын әріптерімен жазылған күнделік дәптеріме мынадай сөздер түсіпті: «25. XI. 42 жыл. Танертеңгі сағат 8-ден кешкі 5-ке дейін жабық позициядан фашистердің алдағы деревнядағы бекінісіне үздіксіз оқ аттық. Бір сағат тыным тапқанмыз жоқ.

Менің бірінші зеңбірегімнің жалғыз өзі 203 снаряд шығарды. Сонда біз бүгін фашистерге ыстық снарядтан 1624 килограмм сәлемдеме жіберіппіз. Бұл 1,5 тоннадан асады. Ал батареяның қалған үш зеңбірегі аз дегенде үш тонна снаряд атты. Сонда біздің 2-батарея фашистермен шайқастың алғашқы күні жау төбесіне 4,5—5 тонна снаряд төкті. Бұл аз шаруа емес.

Кей кездерде зеңбірек стволы қып-қызыл болып, отқа салған темірдей қызарып кетеді. Қол тигізуге болмайды. Әзірше бізден шығын жоқ. Кешке қарай алғы шептегі 3-батареяның взвод командирі Көшеков өлгенін, бір зеңбірек көздеуші мен бір затвор ашушының жаралы болғанын естідік».

Күнделікте қысқаша ғана осындай сөздер жазылыпты.

Хажым Көшеков. Алғы шептен келген «Хажым Көшеков оққа ұшты» деген хабар мені қатты күйзелтті. Өйткені артдивизион жігіттерінің бәрі оны ерекше жақсы көруші еді. Төртбақ денелі, түрі сәл сұстылау келген, қараторы жігіт болатын. Бірақ жаны жылы еді. Өзі бізден он шақты жас үлкен еді. Кездесе кеткенімізде хал-жай сұрап, ақылын айтып жүретін. Өзі Алматы журналистика институтын бітіріпті. Одан кейін республикалық «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары, артынан редакторы болыпты. Бәлкім, мен, өзім өлең жазып, әскери газетке мақалаларым жарияланып жүргендіктен, ол кісіні ерекше жақсы көрген болармын. Оның үстіне артдивизионда үлкен бір оқиғаға арналған митингтер бола қалса, алдымен үш кіші лейтенантқа: Хажым Көшековке, Жамалхан Жамалбековке және Мәті Құсайыновқа сөз берілетін. Кіші командирлер мен жауынгерлер атынан мен сөйлейтінмін. Сонда Хажым «Сен жақсы сөйлейсің» немесе «Оқыған өлеңің жақсы болды!» деп қолымды алатын. Атақты журналист ағаның бұл құттықтауы менің көңілімді көтеріп тастайтын.

Енді сол асыл аға, тамаша командир жаумен алғашқы шайқаста жан тапсырыпты. Бірақ, «жастығын ала жатыпты». Зеңбірегімен тура көздеп атып, фашистердің пулемет орнатқан I ДЗОТ пен I ДОТ-ының күлін көкке ұшырыпты. Карсы шабуылға шыққан жау взводының төбесіне шрапнельден «шашу» шашып, олардың бірсыпырасын және жер жастандырыпты.

Жаудың станокты пулеметінің үнін өшіріп, атақаға шыққандарын тойтарып, тозғындатып тастағаннан кейін Көшеков қатты қуанып, «Рах-мет, бауырларым!» деп зеңбірекшілерінің қолын кезек қысады. Содан кейін зеңбіректің стволын құшақтап оған да бетін тигізіп, разылық білдіреді. Сөйтіп, окоп шетіне келіп, дүрбісін қолына алып, алғы шепке қайтадан қарай берген кезде қақ қасына жау миңасы келіп жарылып, Хажым ағамыз сәл теңселіп құлап түсіпті. Екі аяғын бірдей миға қырқып кетсе де, батыр ағамыз қолын алға қарай сермеп: «Ілгері басындар, шегінбендер!» деп күбірлеп жатып, жан тапсырады. Жігіттер оның денесін зеңбірек окобына жайғастырып, бетін жабады. Хажым ағаның қазасына мен қатты қайғырып «Өсиет» атты өлең жаздым. Оны ертеңіне штабқа баратын почташыдан бригада газетінің редакциясына беріп жібердім. Бұл өлең бригада газетінің 1942 жылғы I желтоқсандағы нөмірінде басылып шықты. Кейін осы өлеңнің: «Алға қарсы бассаң бас, сүйем кейін шегінбе — әдет жоқ ондай тегінде!» деген жолдары газеттің шпигелінен түспейтін болды. Хажым ағаның бұл сөздері 100-атқыштар бригадасының жауынгерлік ұранына айналды.

Менің бұл өлеңім артынан тұтасымен республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетін-

де басылды. 1943 жылы 6 ақпанда «Правда» газетінде «Қазақ халқының майдангерлерге хаты» жарияланды. Ол хатқа барлық майдандағы қазақ жауынгерлері жауап жазды. Біздің 100-атқыштар бригадасы жауынгерлері мен командирлерінің атынан да Қазақстанға жауап кепті. Ол хатымыз «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің 1943 жылғы 8 наурыздағы нөмірінің екінші бетінің дәл жартысына жарияланды. Сол жауапта лейтенант Хажым Көшекөвтің өлер алдында айтқан: «Алға қарыс бассан бас, сүйем кейін шегінбе — әдет жоқ ондай тегінде!» деген сөздері бригада жауынгерлерінің жауынгерлік ұранына айналғаны айтылды.

*Құжат. 3-екпінді армия бойынша
Калинин майданы*

Бұйрық №0122

17 ақпан 1943 жыл

Неміс басқыншыларымен күрес майданында командованияның тапсырмаларын үлгілі орындағаны және оны орындау үстінде ерлік пен батырлық көрсеткені үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан мыналарды наградтаймын:

1-дәрежелі Отан соғысы орденімен:

1. Кіші лейтенант **Хажым Көшекөвты** — дербес артиллерия дивизионының зеңбірекшілер взводының командирі.

2-дәрежелі Отан соғысы орденімен:

1. Аға лейтенант **Ескелдиев Садықты** — 3-атқыштар батальоны командирінің орынбасары.

«Қызыл Жұлдыз» орденімен:

1. Капитан **Шарапуддинов Зинатты** — дербес пулемет батальонының командирі.

*3-екпінді армияның қолбасшысы
генерал-лейтенант Галицкий.
Штаб бастығы генерал-майор
Юдищев.*

*Әскери Кеңестің мүшесі
генерал-майор Литвинов.*

Менің Хажым батырға арнаған өлеңім мынадай еді:

ӨСИЕТ

*(25 ноябрь күнгі ұрыста ерлікпен өлген лейтенант Көшекөв
Қажымға арнаймын)*

Жаяу әскер соңынан,
Қалыспай жүріп оқ атты.

Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты.
Зымыратып жайдың оғындай,
Сүйір тұмсық, көк болат —
Снарядті қардай боратты.
Аз атпады, мол атты,
Кеудеде кек тола атты.
Атаңа нәлет пасық сұм
Фрицтердің талайын
Баудай турап сұлатты.
Дзотын көкке ұшырып,
Доттарын да құлатты!
Команда берген батырдың
Даусы күндей күркіреп,
Жаңбырдай оғы сіркіреп,
Қаһарына шыдамай
Немістер қашты дүркіреп.
Зеңбіректің даусынан
Атқан сайын жер толқып,
Әлем тұрды тітіреп.

Зеңбіректі бір кезде
Алға қарай қозғады.
Коммунист батыр лейтенант
Жігері өршіп жүректе,
Қайраты тасып қоздады.
Отты жүрек асыл ер
Ақылшы аға кемеңгер,
Оқ тиіп батыр құлады.
Әл үстінде жатса да
Салқын қанды сабырлы
Дәстүрінен озбады.

«Отан үшін, ел үшін,
Көк орайлы көл үшін,
Көк шалғынды бел үшін,
Жазықсыз жаудан өртенген
Қасиетті жер үшін,
Адал қанын аямай
Өліп кеткен ер үшін,
Атыңдар, шырақ, атыңдар!
Зарлаған ата-ана үшін,
Азап шеккен аға үшін,
Жау қолынан бүлінген
Алып-әсем қала үшін
Қойны алтын, үсті ырыс —
Жайқалған сары дала үшін
Атыңдар, баурым, атыңдар!

Қарама маған, бауырлар,
Алға қарай барыңдар,
Дұшпанға ойран салыңдар,
Халықтың кегін алыңдар.
Кекшіл асыл жүректі
Қаныма менің жаныңдар!

Шегінбендер, жандарым.
Шегінсеңдер ұлым деп
Халықтың көңлі толмайды.
Халық түгіл менің де
Сүйегім риза болмайды.
**Алға қарыс бассаң бас,
Сүйем кейін шегінбе,
Әдет жоқ ондай теңінде!»**
Деп лейтенант Көшеков
Қайтыс болды ерлікпен
Ұлы жолдың төрінде.
Уа, қалырлы жауынгер!
Отан үшін туған ер!
Лейтенанттың қаны үшін,
Оның әділ жаны үшін
Фрицтердің жазасын
Екі есе ғып беріңдер!
Ілгері ұмтыл шегінбе!
«Әдет жоқ ондай тегінде!»
Келіңдер, достар, келіңдер!

Ноябрь, 1942 жыл

АВТОР. Біздің бір қадірлі ағамыз, туған елін жанындай жақсы көрген ержүрек асыл азамат Хажым Көшеков неміс фашистерінің оғынан осылай опат болып, жат жердің топырағын жамылып жатып қалды. Алда келе жатқан Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында сол азаматты ел есіне түсіріп, аруағына бас иемін.

Енді өзге ағаларды айтуға көшейін.

Райымжан Әшкеев. Политрук Әшкеев Алматыда 2-атқыштар батальонының комиссары болып бекітілді. Менің алдымда 1942 жылы маусым айында жасалған 2-батальон басшыларының тізімі жатыр. Онда мына адамдардың аттары аталады: комбат капитан Есенов Сәрсенбай, әскерком политрук Әшкеев Рай-

ымжан, комбаттың орынбасары лейтенант Уәлиев Әрін, партбюро хатшысы Байжанбаев Р., штаб бастығы лейтенант Новиков Иван Иванович, штаб бастығының көмекшісі лейтенант Сырлыбаев Омар, штаб бастығының екінші орынбасары кіші лейтенант Сүлейменов Қақабай, интендант қызметінің бастығы 2-рангалы техник-интендант Қанимов К., артжабдықтау бөлімінің бастығы кіші әскери техник Бегалин Мәжит, рота командирі кіші лейтенант Назаров Ісләм, т.б.

Райымжан Әшкеев 1913 жылы Семей облысының Жаңасемей қаласында туған екен. 4 жасында әкесі Ахметжан мен анасы Кенжекыз қайтыс болып, немере ағасының қолында өседі. Жастайынан оқу оқып, жігерлі комсомол қызметкері болады. Ұлы Отан соғысы басталғанда Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінде инспектор — кеңесші қызметінде жүреді. Төрт рет майданға жіберуді өтініп арыз береді. Бірақ, басшылары жігерлі, жалынды әрі ұйымдастырушылық қабылеті күшті Әшкеевті әскерге жібермейді.

1941 жылы желтоқсанда 100-ұлттық атқыштар бригадасы ұйымдасып, соның басшы кадрлары іріктеліп жатқанда өзін сол құрамаға жіберуді өтініп, Әшкеев бесінші рет арыз береді. Соңғы тілегі қабылданып, ол 2-батальонға әскери комиссар болып тағайындалады.

1942 жылы 24 қарашада түнде 100-атқыштар бригадасы майданның алғы шебіне келіп жайғасты. Ертең таңертең бірінші және үшінші батальон шепті ұстап тұруға қалып, екінші және төртінші батальон Березка мен Толкачев деревняларына шабуыл жасамақ. Міндет: Москваға және Калинин мен Солтүстік-Батыс майдандарының ту сыртынан қауіп төндіріп тұрған 9-неміс армиясының Оленин тобын талқандау еді.

Түнде қар жауып, күн бұлыңғыр болды. Артиллеристер жаудың атыс ұяларының қай жерде екенін толық анықтай алмады. Оны анықтау үшін үш-төрт күн алғы шептегі бақылау пунктіне жайғасып жау жақтың күшін зерттеу қажет еді. Оған уақыт болмады. Түнде оқ шығарған бірен-саран батарея, пулеметтерді нысанаға алып үлгерді. Бірақ, жаудың негізгі атыс ұялары сыр бермей, үн-түнсіз қалды.

Таңертеңгі сағат 8-де жапалақтап қар жауа бастады. Сол кезде біздің жақтың артдайындығы басталды. Артиллерия екі сағат бойына жау шебін төпелегеннен кейін батальон шабуылға шықты. Жаңа қатқан Молодой Туд өзенінен өтті. Одан әрі 300—400 метр барғаннан кейін жаудың жасырын тұрған атыс ұялары снаряд, мина, пулемет оқтарын үсті-үстіне төгіп қоя берді. Батальон қаптаған қара нүкте болып ақ қардың үстінде жатып қалды. Сол жерде батальон қозғалмастан түнімен жатты. Ертеңінде қайта артдайындық жасалып, батальонды орнынан көтеріп, шабуылға қайта шығару қажет болды. Жігіттердің рухын көтеріп, алға бастыру үшін алғы шепке комиссар

Әшкеевтің өзі кетті. Батальонды ілгері бастап, олар Березовка деревнясын алды. Бірақ Березовкаға жеткенде батыр батальон комиссары Райымжан Әшкеев оққа ұшты. Өлгеннен кейін Әшкеев «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды. Бір айдан соң алыс Алматыдағы Әшкеевтер семьясына — әйелі Софья Хуснутденқызы мен кішкентай екі ұлы Марат, Марс Әшкеевтерге әкелерінің ерлікпен өлгені туралы қаралы хабар келді.

Иә, ол ұрыста 2-батальоннан азғантай ғана адам тірі қалды. Жоғарыда аталған командирлерден батальон штабының бастығы **Иван Иванович Новиков** пен оның екі көмекшісі **Омар Сырлыбаев**, **Қақабай Сүлейменов** аман-есен елге келді. Новиков қазір Псков қаласында, Сырлыбаев Алматыда тұрады. Қақабай Сүлейменов ұзақ жылдар Шоқпар станциясындағы темір жол мектебінде директор болды. Кейін Семей қаласына көшіп барып, сонда дүниеден қайтты. Рота командирі Ісләм Назаров сол Әшкеев опат болатын ұрыста бір аяғынан айырылып, елге қайтты. Өзінің туған жері Солтүстік Қазақстан облысында ұзақ жыл қызмет істеп, сол соғыс салған ауыр жараның салдарынан ертерек өмірден кетті. Ал кіші әскери техник Мәжит Бегалин сол соғыста бір қолынан айырылды. Ол Семей облысы Абыралы ауданының 1922 жылы туған түлегі еді. Әкесі Сапарғали Бегалин қазақтың көрнекті жазушысы болатын. Соғыстан жарасын емдеп қайтқаннан кейін 1948 жылы ВГИК-тің режиссерлік факультетін бітірді. Жиырма жылдай «Қазақфильм» киностудиясында режиссер болып қызмет істеді. «Бұл Шұғылада болған еді», «Жерге қайта оралу», «Тұлпардың ізі» фильмдерін қойды. «Шоқан Уәлиханов», «Артымызда Москва», «Мәншүк туралы жыр» фильмдерін жасады. 1978 жылы дүниеден өтті.

Жұмаділ Әубәкіров 1911 жылы Талдықорған облысының Қапал ауданында кедей семьяда туған. Ағалары Ыбырайым, Бамұхамбет, Байғали да, Жұмаділ де жастайынан жалшы болып, байлардың малын баққан. 1930 жылы ағайынды төртеуі де колхозға кірген. Жұмаділ ауыл мектебін бітіріп, әртүрлі курстарда оқығаннан кейін темір жолда жұмысшы болып істейді. 1933 жылы әскерге алынып, Ашхабадта бір жылдық полк мектебін бітіреді. Одан кейін лейтенанттар курсына тауысады. Взвод командирі болады. Одан соң Ташкент қаласында политруктар курсына бітіріп, 1938 жылға дейін Ашхабадтағы 83-артиллерия

полкында батарея политругі болады. Одан кейін әскерден босап, Алматы қалалық өрт күзеті басқармасының саяси жетекшісі болады. Осы қызметтен 1942 жылы 7 шілдеде политрук Әубәкіров 100-дербес атқыштар бригадасының 4-атқыштар батальонына әскерком қызметіне жіберілді.

1942 жылғы Молодой Туд шайқасында капитан Жұмаділ Әубәкіров ерекше ерлік көрсетті. Сол үшін ол жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен наградталды.

1943 жылы 6 қаңтарда Великие Лукиді азат ету үшін болған ұрыста Жұмаділ Әубәкіров батальонды бастап тағы да жаумен батырларша шайқасты. Қалаға кіруге ұмтылған фашистердің бірнеше атакасын тойтарды. Бірақ есіл ерге оқ тиді. Оны дереу зембілге салып, санитарлық бөлімге әкетіп бара жатқанда жанына келіп жау миңасы жарылып, комиссар да, екі жауынгер де сол жерде опат болды. Бұл жолғы ерлік еңбегі үшін артынан Жұмаділ Әубәкіров «Қызыл Жұлдыз» орденімен және наградталды.

Хатжан Әлжанов. Дембелше келген қызыл шырайлы жігіт еді. Екі көзі оттай жайнаған өткір болатын. Біздің бригадаға Сауда Халық Комиссарының орынбасары қызметінен келген еді. Бригада саясат бөлімінде нұсқаушы болып істеді. Жауынгерлердің хал-жағдайларын білу үшін батальон, дивизиондарды тынымсыз аралаумен болатын. Бөліміне Әлжанов келсе жауынгерлер әкесін көргендей қуанып қалатын.

Бригада бірнеше деревняларды жаудан азат етіп, ілгері жылжуда. Осы ұрыстар кезінде 1 желтоқсан күні Плеханово деревнясына жасалған шабуылда аға политрук Хатжан Әлжанов ерлікпен қаза тапты. Тағы бір асыл ағамыздан осылай айырылды.

100-атқыштар бригадасы жауынгерлері мен командирлерінің қазақ халқының хатына жауабында мынандай жолдар бар: «Ұрыс майданында асқан батырлық, қаһармандық көрсетіп қаза тапқан капитан Әшкеев Райымжанның, капитан Әубәкіров Жұмаділдің, лейтенант Көшекөв Хажымның, лейтенант Сейдахметов Әнуардың, капитан Углов Александр Дмитриевичтің аттарын біз сүйіспеншілікпен ауыздан тастамаймыз».

Бұл хат «Туысқан қазақ халқы тапсырған аманаттарды абыроймен орындауға ант етеміз!» деген тақырыппен «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің 1943 жылғы 8 наурыз күнгі нөмірлерінде басылды.

Шазада Әтеев. Шазада марқұм Қызылорда облысы Сырдария ауданының топырағында туған перзент еді. 1914 жылы

дүниеге келген. 1941 жылдың басында Жамбыл облысының Сарысу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істеп еді. Сол жылдың аяғында Алматыда жасақталып жатқан 100-атқыштар бригадасына қызметке шақырылды. 76 мм. артиллерия дивизионы партия ұйымының хатшысы болып тағайындалды.

Алғашында политрук еді. Кейін капитан дәрежесіне көтерілді. Өте сабырлы, ақылды азамат болатын. Ешбір жауынгерге ұрысып, зекіп, қатты сөз айтқан емес. Жауынгерлердің де, өзінен шені төмен командирлердің де қатесін жай айтып түсіндіретін. Осы мінезі, адамгершілігі үшін артдивизион жауынгерлері Әтеевті әкесіндей жақсы көрді.

Шазада Әтеевтің тағы бір қасиеті ақын еді. Алғашында ол қасиетін ешкімге білдірмей жүрді. Шығарған өлеңдерін дәптерге тізе берді. Кейін майданға барған соң ғана ол өлеңдерін әскери газеттерде жариялата бастады. Бригада газетінің және Калинин майдандық «Алға, жауға қарсы» газетінің беттерінде «Жер үй», «Семсер», «Орелдің арызы» деген өлеңдері шықты.

Ол үйінде қалған жалғыз ұлы Спартак үш жасқа толғанда соған арнап 1943 жылы 23 наурызда мынадай өлең жіберген еді:

Үшке шықтың мінеки
Сенсің менің үмітім.
Болашаққа қол созып,
Өсс бер өрлеп, жігітім!

Бір кездескенде маған ұлының суретін көрсетіп, оған арнаған өленін оқыған еді. Өлең 6-7 шумақ болатын. Менің есімде қалғаны осы жолдар ғана. Ол өлеңінде жауынгер әке: «Мен жауды жеңіп, аман-есен барып, бетіңнен сүйемін. Төбеме көтеріп, аялап әлпештеймін» деп еді. Бірақ капитан Әтеев ол арманына жете алмады. Сол жылы 15 қазанда жаумен кескілескен тағы бір сұрапыл шайқаста 100-бригаданың Мәншүк Мәметова, Ыбырайым Сүлейменов және басқа қаһармандары қаза тапты. Солар сияқты, ақырғы гранатын лақтырып, ақырғы оғын жұмсап, жақындап келген жауды жайрата жапырып, жеткен жерінен бір адым шегінбестен қазақ халқының батыр ұлдарының бірі Шазада Әтеев те оққа ұшты.

Ақыраш Әндіров және Жамалхан Жамалбеков. Екеуі де артдивизионға алғаш келгенде кіші лейтенант еді. Ақыраш Ақтөбе облысының Жұрын ауданында туған: Қырғызстанның Ош қаласында оқу бітіріп, кен инженері болған. Жамалхан Жамбыл облысы, Шу ауданының перзенті болатын. Ақыраш орта бойлы, Жамалхан сұңғақ денелі жігіт еді. Екеуі де